14. Beksultanova C., Mazhitova Z., Zhunushalieva G., Kozhakeyeva L., Tentigul N., Shamshudanova F. Handicraft tourism in Kyrgyzstan: features and prospects // Topical Problems of Green Architecture, Civil and Environmental Engineering – 2021. – № 284. – P. 1-9. – DOI: 10.1051/e3sconf/202128410001.
15. World data and national data, maps, rankings [Electronic source] // Knoema [website]. – 2019. – URL: <https://knoema.com/atlas/topics/Tourism> (Accessed: 23.04.2022).
16. International tourism, number of arrivals [Electronic source] // Knoema [website]. – 2019. – URL: <https://knoema.com/atlas/topics/Tourism/Key-Tourism-Indicators/Number-of-arrivals> (Accessed: 23.04.2022).
17. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года № 406 Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года [Electronic source] // Әділет [website]. – 2017. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000406> (Accessed: 23.04.2022).
18. Указ Президента Республики Узбекистан от 05.01.2019 г. № УП-5611 «О дополнительных мерах по ускоренному развитию туризма в Республике Узбекистан» [Electronic source] // Национальная база данных законодательства Республики Узбекистан [website]. – 2019. – URL: <https://lex.uz/ru/docs/4143186> (Accessed: 23.04.2022).
19. Программа правительства Кыргызской Республики развития сферы туризма на 2019–2023 годы [Electronic source] // Министерство юстиции Кыргызской Республики [website]. – 2019. – URL: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/12943> (Accessed: 23.04.2022).
20. Стратегия развития туризма в Республике Таджикистан на период до 2030 года от 1 августа 2018 года № 372 [Electronic source] // Комитет по развитию туризма при правительстве Республики Таджикистан [website]. – 2018. – URL: <https://ctd.tj/ru/стратегия-развития-туризма-в-республ/> (Accessed: 23.04.2022).
21. McBride J. Building the new silk road // Council on foreign relations – 2015. – № 22. – P. 1-2.

REFERENCES

1. Manzoor, F., Wei, L., Asif, M., Zia Haq, M. and Rehman, H. (2019). The contribution of sustainable tourism to economic growth and employment in Pakistan. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 16(19), 1, DOI:10.3390/ijerph16193785.
2. Ruban, D. (2021). Natural Resources of Tourism: Towards Sustainable Exploitation on a Regional Scale. *Sustainability*, 13(12), 1-2, DOI:10.3390/su13126685.
3. Britannica, T. Editors of Encyclopedia. Central Asia Encyclopedia Britannica (2018). Retrieved April 4, 2022, from <https://www.britannica.com/place/Central-Asia>.
4. Vasa, L. (2020). The European Union Strategy on Central Asia: out of game? *Romanian journal of European affairs*, 2, 120-130.
5. Hynek, O. (2020). Geopolitics of Central Asia: Between the Russian bear and the Chinese dragon. *Central European Journal of Politics*, 2, 73-93, DOI: 10.24132/cejop_2020_4.
6. Xenarios, S., Gafurov, A. and Schmidt-Vogt, D. (2019). Climate change and adaptation of mountain societies in Central Asia: uncertainties, knowledge gaps, and data constraints. *Regional Environmental Change*, 19, 1339–1352, DOI:10.1007/s10113-018-1384-9.
7. Kantarci, K. (2007). Perceptions of foreign investors on the tourism market in central Asia including Kyrgyzstan, Kazakhstan, Uzbekistan, Turkmenistan. *Tourism management*, 28(3), 820-829, DOI: 10.1016/j.tourman.2006.05.012
8. Strategiya razvitiya turizma CzARE`S 2030. (2020). Asian Development Bank. Retrieved April 4, 2022, from <https://www.adb.org/sites/default/files/institutional-document/668406/carec-tourism-strategy-2030-ru.pdf> (In Russian).
9. Koh, S. and Kwok, A. (2017). Regional integration in Central Asia: Rediscovering the Silk Road. *Tourism Management Perspectives*, 22, 64-66, DOI: 10.1016/j.tmp.2017.01.002.
10. Survey of tour operators under the Sustainable Tourism Development in the CAREC Region. (2020). Asian Development Bank. Retrieved April 4, 2022, from <https://www.adb.org/sites/default/files/institutional-document/668406/carec-tourism-strategy-2030-ru.pdf>.
11. Menayakova, I. and Ussubaliyeva, S. (2021). Prospects for the development of tourists sites of natural and cultural heritage of Kazakhstan. *Studencheskiy vestnik*, 8-3(153), 42-45.
12. Turizm v Tadzhikestana prodolzhaet preby`vat` v stagnaczii iz-za pandemii. *Ozodi Radio*. Retrieved April 4, 2022, from <https://rus.ozodi.org/a/31341376.html> (In Russian).
13. Economic Impact reports. (2020). World travel & tourism council website, Retrieved April 4, 2022, from <https://wtcc.org/Research/Economic-Impact>.
14. Beksultanova, C., Mazhitova, Z., Zhunushaliyeva, G., Kozhakeyeva, L., Tentigul, N. and Shamshudanova, F. (2021). Handicraft tourism in Kyrgyzstan: features and prospects. *Topical Problems of Green Architecture, Civil and Environmental Engineering*, 284, 1-9, DOI:10.1051/e3sconf/202128410001.
15. World data and national data, maps, rankings. (2019). Knoema website. Retrieved April 4, 2022, from <https://knoema.com/atlas/topics/Tourism>
16. International tourism, number of arrivals. (2019). Knoema website. Retrieved April 4, 2022, from <https://knoema.com/atlas/topics/Tourism/Key-Tourism-Indicators/Number-of-arrivals>.
17. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 30 iyunya 2017 goda № 406 Ob utverzhenii Konceptii razvitiya turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan do 2023 goda. *Adilet*. Retrieved April 4, 2022, from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000406> (In Russian).
18. Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan ot 05.01.2019 g. № UP-5611 «O dopolnitel'nyh merah po uskorennomu razvitiyu turizma v Respublike Uzbekistan». National database of legislation of the Republic of Uzbekistan. Retrieved April 4, 2022, from <https://lex.uz/ru/docs/4143186> (In Russian).
19. Programma pravitel'stva Ky`rgy`zskoj Respubliki razvitiya sfery` turizma na 2019–2023 gody. (2019). Ministry of Justice of the Kyrgyz Republic. Retrieved April 4, 2022, from <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/12943> (In Russian).

20. Strategiya razvitiya turizma v Respublike Tadjikistan na period do 2030 goda ot 1 avgusta 2018 goda № 372. Tourism Development Committee under the Government of the Republic of Tajikistan. Retrieved April 4, 2022, from <https://ctd.tj/ru/strategiya-razvitiya-turizma-v-respubl/> (In Russian).

21. McBride, J. (2015). Building the new silk road. Council on foreign relations, 22, 1-2.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ МЫСАЛЫНДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

С. Е. Әбдрахманова^{1*}, С. Мокхавеми²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Малайя университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты. Зерттеу жұмысы соңғы жылдардағы Қазақстандағы туризмнің даму жағдайын және туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторларды талдауға бағытталған. Орталық Азияның үш елі аймаққа қолайлы озық тәжірибелерді іздеу және Қазақстандағы туризм индустриясы үшін практикалық нұсқаулық ретінде таңдалды.

Әдіснамасы. Бұл зерттеуде мемлекеттік бағдарламаларға, баяндамаларға және алдыңғы әдебиеттерге мазмұндық талдау жасалды. Бұл зерттеу туризмнің өсу статистикасын, ықпал етуші факторларды, туризмнің ЖІӨ-ге қосқан үлесін және Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан сияқты Орталық Азия елдеріндегі жұмыспен қамту деңгейін қарастырды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Орталық Азия елдерінің туристік индустриясын дамыту тәжірибесін жүйелеу туристік қызметтердің әлемдік нарығындағы позициясын кеңейту мақсатында аймақтағы туристік индустрияны дамытудың кешенді көрінісін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Орталық Азия елдеріндегі туризмнің дамуын талдау және салыстыру негізінде авторлар осы елдердегі ішкі туризмді дамытудың әлеуетін анықтап, күшті және әлсіз жақтарын анықтап, оларды жою бойынша ұсыныстар жасады.

Түйін сөздер: туризмді дамыту, туризмге инвестиция, тұрақтылық.

РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА НА ПРИМЕРЕ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

С. Е. Абдрахманова^{1*}, С. Мокхавеми²

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

²Университет Малайя, Куала-Лумпур, Малайзия

АННОТАЦИЯ

Целью исследования является анализ состояния развития туризма и основных факторов, влияющих на развитие туризма в Казахстане в последние годы. Три страны Центральной Азии были выбраны в качестве поиска передового опыта, подходящего для этого региона и предложения практического руководства для индустрии туризма в Казахстане.

Методология. В этом исследовании был проведен контент-анализ государственных программ, отчетов и предшествующей литературы. В этом исследовании были рассмотрены статистические показатели роста туризма, сопутствующие факторы, вклад туризма в ВВП и уровень занятости в странах Центральной Азии, таких как Казахстан, Таджикистан, Узбекистан и Кыргызстан.

Оригинальность / ценность исследования. Систематизация опыта развития туристской отрасли стран Центральной Азии позволяет понять комплексное видение развития туристской отрасли региона для расширения ее позиций на мировом рынке туристских услуг.

Результаты исследования. На основе анализа и сравнения развития туризма в странах Центральной Азии авторы определили потенциал развития внутреннего туризма в этих странах, выявили сильные и слабые стороны и дали рекомендации по их устранению.

Ключевые слова: развитие туризма, инвестиции в туризм, устойчивость.

ABOUT THE AUTHORS

Abdrakhmanova Saniya – PhD Student, Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: saniya.abdarkhmanova@narxoz.kz*

Sedigheh Moghavvemi – PhD, Associate professor, University Malaya, Kuala Lumpur, Malaysia, e-mail: sedigheh@um.edu.my

МРНТИ 82.13.21

JEL Classification: H72, H500, H570, F230, E610

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-4-140-151>

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУДА СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Д. Б. Есмағамбетов^{1*}, Л. И. Кусаинова¹, Ш. М. Қаңтарбаева²

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

²Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – мемлекеттік сатып алу шеңберінде сатып алынатын тауарлар мен жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету проблемаларын анықтау және оларды шешу, сондай-ақ оларда жергілікті қамтуды дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Әдістеме – зерттеу барысында жалпы ғылыми танымның түрлі әдістері, салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық және құқықтық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің ерекшелігі/құндылығы – зерттеу нәтижелері мемлекеттік сатып алу, құрылыс және стандарттау саласындағы қызметті реттейтін заңнамалық және нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері – зерттеу бағыттары бойынша әдеби шолу жүргізілді; сатып алу нысанасы бөлінісінде бюджет шығындарын салыстыру ұсынылды; мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалатын жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет ашылды; мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамту үлесін арттыру үшін стандарттау жүйесін қолдану мүмкіндігі айқындалды; мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша тиісті ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: мемлекеттік сатып алу, жергілікті қамту, жұмыс сапасы, тауар сапасы, стандарттау жүйесі.

КІРІСПЕ

«Қазақстан – 2050» стратегиясында қаражат жұмсаудың тиімділігі тұрғысынан бюджет саясатын жетілдіру көзделген. Бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі көбінесе мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі шығыстардың тиімділігіне байланысты.

Осыған байланысты, бюджет шығындарының тиімділігін арттыру тұрғысынан мемлекеттік сатып алу рәсімін жетілдіру мәселесі өзекті болып табылады.

Әдебиетке шолу. Бұл зерттеудің жоғары дәрежелі өзектілігі бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерінің болуымен расталады, олардың ішінде Р. К. Елшібаев, А. А. Ниязов, Э. Д. Жүнісова, М. Махмұтова, Ф. А. Гаджиев, А. Б. Темірбекова, Л. Р. Гимранова, А. С. Жупарова және басқалары [1-8].

Мысалы, Р. К. Елкібаев мемлекеттік сатып алуды ұлттық экономиканы басқару құралы деп атайды, ал мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыру тәсілдерін зерттеу ерекше маңызды міндет деп есептейді [1].

А. Б. Темірбекова жергілікті қамтуды дамыту мәселесін артында жаңа өндірістерді және тиісінше жаңа жұмыс орындарын құру, отандық кадрларды кәсіби даярлау және сайып келгенде халықтың әлауқатын арттыру жататын ұлттық экономикалық қауіпсіздік мәселелерімен қатар қояды [2].

Бүгінгі таңда жоғары қуаттылықты және өндеуші өндірістердің әлеуетін іске асыру қажеттілігін ескере отырып, Қазақстанның ішкі нарығының қажеттіліктері үшін өнеркәсіптік өнім өндірісін ұлғайтудың өзектілігі жоғары [3].

Көбінесе мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін оларда сыбайлас жемқорлықтың пайда болуымен байланыстырып, процесстің тек жеткізушіні айқындау кезеңін қарастырады.

Алайда, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жағдайында олардың тиімділігін қамтамасыз ету бөлігінде сатып алынатын жұмыстарды тікелей орындау кезеңі неғұрлым маңызды болады, атап айтқанда:

- орындалатын жұмыстардың сапасы;
- жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын тауарлардың сапасы;
- сатып алынатын тауарлардағы жергілікті қамту үлесі.

Алайда, егер жұмыстар мен пайдаланылатын тауарлар сапасының артуы әлемдік қоғамдастық тарапынан теріс реакция туғызбаса, онда жергілікті қамту үлесін ұлғайту мәселесі шетелдік өндірушілерді кемсіту ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарына қайшы келеді.

Тарихи тұрғыдан сатып алудағы жергілікті қамтуды дамыту тапсырыс берушіге жергілікті өнім берушілер мен тауарларға артықшылық көрсету жөніндегі талаптарды белгілеу арқылы қамтамасыз етілді. Мысалы, конкурсқа қатысу үшін өтінімдегі бағаны есептеу кезінде жергілікті жеткізушілерге шартты жеңілдік беру арқылы.

G. C. Hufbauer, J. J. Schott жергілікті қамту талаптары (бұдан әрі – ЖКТ) туралы келесіні жазған: бұл екі қарапайым, бірақ қуатты хабар беретін қорғаныс құралы. Шетелде емес, үйде жұмыс орындарын құру және бизнесті шетелдік емес, отандық фирмаларға бағыттау [9].

Тарифтер мен квоталар сияқты протекционизмнің дәстүрлі формаларына қарсы тұра отырып, бұл шаралары тарихи түрде тарифтік емес кедергілер санатына жатқызылды. Осылайша, ЖКТ шаралары күрделі кедендік рәсімдермен, арнайы сауда стандарттарымен және тікелей мемлекеттік субсидиялармен бір қатарға қойылды. Алайда, ЖКТ өз мәні бойынша басқа. Протекционизмнің барлық түрлері шетелдік тауарларды, қызметтерді және инвестицияларды ұлттық аналогтардың жағдайына қатысты кемсітеді, ал ЖКТ шаралары шетелдік өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге емес, Ұлттық преференцияларға бағытталған [10].

Бірақ бұл заңды қулықты қалай атамасаң да, ол белгілі бір дәрежеде шетелдік тауарларды кемсітеді.

F. Ssenoga айқын дискриминацияның үш түрі бар деп есептейді: шетелдік тауарларды сатып алуға тыйым салу, отандық тауарларға қатысты преференциялық баға саясаты және шетелдік тауарлардағы жергілікті қамтуға қойылатын талап [11].

Сонымен қатар, О. В. Пономарева іс жүзінде елдер декарбонизация саясатымен, ұлттық инновацияларды, шағын және орта бизнесті қолдаумен және тағы басқа саясаттармен байланыстырып, бірқатар жасырын шектеулер қолданылатынын атап өтті [12].

Мемлекеттік сатып алулардың тиімділігін қамтамасыз ету нәтижесіне жергілікті тауар өндірушілердің қатысуы үшін тең қаржылық мүмкіндіктердің болмауы да ықпал етеді.


Нарықтың толық ашықтығы кезінде қатарларына Қазақстан да кіретін дамушы елдер қолайсыз жағдайда болатынын атап өту қажет. Дамыған елдер дамушы елдердің ішкі нарықтарында бәсекеге түсе алады, ал соңғыларының экономикалық дамуын тежейді. Осылайша, елдің даму кезеңінде отандық тауар өндірушілерді жасырын қолдау мәселесі орынды.

Осыған байланысты авторлар мемлекеттік сатып алу жүйесі тиімділігінің жоғарыда көрсетілген үш параметрін қамтамасыз ету мәніне мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне талдау жүргізді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу – бұл тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражаты және (немесе) өз кірістері есебінен толық немесе ішінара сатып алуы.

Статистикалық талдау мемлекеттік бюджеттің шығындарындағы мемлекеттік сатып алулар үлесінің жыл сайын 5-6 %-ға жоғарылайтынын және 2020 жылдың аяғында 30 %-ын құрайтынын көрсетті (Сурет 1).



Сурет 1 – Мемлекеттік бюджет шығындарындағы сатып алулардың үлесі

Ескерту – [13; 14] дереккөздер негізінде авторлармен жасалған


Сонымен қатар 2018-2020 жылдардағы мемлекеттік сатып алуларды талдау барлық сатып алу нысандарынан ең көп үлесін жұмыстар алатынын айқындады (Сурет 2).

Егер тауарларды сатып алу көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 146 %-ға артса, осы кезеңде жұмыстарды сатып алу 240 %-ға өсті. Қызмет құны негізінен тартылатын кадрлардың жалақы көлемінен құралады. Еңбек нарығында қазақстандық мамандардың қатысуының жоғары үлесін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі де аз емес.

Осыған байланысты авторлар тауарлар мен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу процесіне талдау жүргізу жөнінде шешім қабылдады.

Мемлекеттік сатып алуда сатып алынатын тауарлар мен жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттау жүйесі пайдаланылады.

Стандарт – бұл стандартталған объектіге қойылатын ережелердің, нормалардың, талаптардың негізгі жиынтығы анықталған және осы талаптарды бірнеше рет қолдануды білдіретін және өнімнің негізгі сипаттамалары, қолдану ережелері мен өндірістік процестердің сипаттамалары анықталған нормативтік құжат.



Сурет 2 – Мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шарттардың сомасы

Ескерту – [14] дереккөз негізінде авторлармен жасалған

Қолданылу саласы бойынша стандарттар:

- ұйым стандарты – ұйым мақсаттарын іске асыру үшін дербес қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;
- ұлттық – уәкілетті орган бекіткен, пайдаланушылардың кең ауқымына қолжетімді стандарттау жөніндегі құжат;
- өңірлік – стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат;
- мемлекетаралық – өңірлік стандарттау ұйымы – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесі қабылдаған өңірлік стандарт;
- халықаралық – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған, пайдаланушылардың кең ауқымына қолжетімді стандарттау жөніндегі құжат [15].

Стандарттау пәні бойынша стандарттар келесіні белгілеуі мүмкін:

- ұлттық стандарттау жүйесінің жалпы ұйымдастыру-әдістемелік ережелері (негіз қалаушы ұлттық стандарттар);
- өндірілетін өнім/орындалатын жұмыс немесе қызмет үшін техникалық шарттар;
- өндірілетін өнімді/орындалатын жұмысты немесе қызметті техникалық шарттарға сәйкестігі тұрғысынан сынау әдістері.

Авторлардың пікірінше, мемлекеттік сатып алуда стандарттау жүйесін терең енгізу сатып алынатын тауарлар мен жұмыстардың сапасын арттырып қана қоймай, олардағы жергілікті қамтуды дамытуға мүмкіндік береді.

Тауарлар. Сатып алынатын тауарлардың сапасын бақылау үшін тапсырыс беруші олардың стандарттарға сәйкестік сертификаттарының болуын талап етуі тиіс. Бұл үшін Заңда тапсырыс берушінің техникалық ерекшелікте сатып алынатын тауардың ұлттық стандартын көрсету міндеті көзделген. Бұл ретте тауарлардың қысқаша сипаттамасында өнім берушілерге сәйкестік сертификаттарын беру туралы талап болуы тиіс (21-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы, 38-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы).

Алайда, сатып алу бойынша мамандардың стандарттау жүйесіндегі жеткіліксіз біліктілігіне байланысты тапсырыс берушілер бұл талапты жиі елемейді. Сатып алынатын тауарлардың көптеген санаттары және олардың сапасын реттейтін құжаттардың көп болуына байланысты бұл таңқаларлық емес.

Аталған проблеманы ұлттық стандарттары қарастырылған техникалық ерекшеліктердің үлгілік нысандарын енгізу арқылы шешуге болады.

Осылайша, ағымдағы жылы Заңға «тауарлардың электрондық каталогы» ұғымы енгізілді. Бұл сатып алынатын тауарларды автоматты түрде идентификациялау мақсатында бірінғай сипаттамасын қалыптастыруға арналған мемлекеттік сатып алу порталының кіші жүйесі болып табылады.

Тапсырыс беруші пайдалануға міндетті болатын тауарлардың әрбір санатына техникалық ерекшеліктің үлгілік нысаны бекітілетін болады. Бұл ретте, техникалық ерекшеліктердің үлгілік нысандарында сатып алынатын тауарлардың сапасын қамтамасыз ету үшін ұлттық стандарттарға сілтемені көздеу қажет.

Осылайша, сатып алуға жауапты тапсырыс берушінің маманы ішінде ұлттық стандарттарға сілтемелері бар техникалық ерекшеліктің дайын шаблонына ие болады және қателік жібере алмайды.

Жұмыстар. Орындалатын жұмыстардың сапасын бақылау үшін тапсырыс беруші мердігердің жұмыстарды орындауына техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымды тартады. Басқа іс-шаралардың ішінде қадағалау ұйымы сатып алынатын тауарлардың стандарттарға сәйкестік сертификаттарын тексеруді және орындалған жұмыстардың нәтижелерін зертханалық сынауды (сәйкестік сертификаттарын алумен) жүргізеді (Сурет 3).



Сурет 3 – Орындалатын жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету схемасы

Ескерту – [15; 16] дереккөз негізінде авторлармен жасалған

Қазіргі уақытта аталған қызмет қағаз сәйкестік сертификаттарын пайдалана отырып, қолмен жүзеге асырылады. Жұмыстың үлкен көлемін орындау кезінде олардың көптігін ескере отырып, бақылаудың сапасы туралы мәселе туындайды. Сонымен қатар, жалған сертификаттарды пайдалану немесе оларды мүлдем елемей әбден мүмкін.

Аталған тәуекелдерді жою мақсатында тауарлар мен жұмыстардың ұлттық стандарттарға сәйкестік сертификаттарын электрондық тексеру жүйесін пайдалану ұсынылады.

Қазіргі уақытта құрылыс саласындағы жұмыстарды орындау үшін «E-Qurylys» (<https://equrylys.kz>) ақпараттық жүйесі қолданылады. Бұл жүйе құрылыс процесінің барлық қатысушыларының: тапсырыс берушінің, мердігердің, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау инспекторларының, сондай-ақ авторлық және техникалық қадағалау сарапшыларының қызметін автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Е-Qurylys функционалы орындалатын жұмыстардың барлық дерлік есебін, электрондық түрде жүргізуге мүмкіндік береді: электрондық журналды жүргізуден бастап жасырын, орындалған жұмыстардың актілерін жасауға және қол қоюға дейін. Алайда, ең бастысы, жүйе орындалған жұмыстардың көлемін және оларды орындау үшін пайдаланылған материалдарды тіркеуге және бақылауға мүмкіндік береді.

Электрондық сәйкестік сертификаттарының тізілімі болған жағдайда, осы функционал орындалған жұмыстардың көлемін (мысалы, бетон негізін құю) және пайдаланылған материалдарды (цемент, қиыршықтас, құм, құрылыс техникасымен пайдаланылған отын және т.б.) ұлттық сапа стандарттарына сәйкестігін сынау қорытындыларымен автоматты түрде салыстыруға мүмкіндік береді.

Көрсетілген сынақтарды аккредиттелген зертханалар жүргізеді, олар өтініш берушілерге (жұмыс көлемі үшін – техникалық қадағалау, тауар үшін – өндіруші) олардың стандарттарға сәйкестік сертификаттарын береді.

Қаржы министрлігінің «Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық операциялар үшін бірыңғай терезесі» платформасында тауарлардың стандарттарына сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың тізілімі жүргізіледі (<https://eokno.gov.kz/public-register/register-ktm.xhtml>).

Алайда, орындалған жұмыстар көлемінің стандарттарға сәйкестігін дәлелдейтін берілген сертификаттарының қандай да бір тізілімі жоқ. Осыған байланысты электрондық сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімін құру қажеттілігі туындайды.

Сондай-ақ, Е-Qurylys пайдаланушысына ыңғайлы болуы үшін, оның «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» ШЖҚ РМК әкімшілендіретін «Құрылыс жобалары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған бірыңғай порталмен» (бұдан әрі – Е-ЖСҚ) интеграциясын қамтамасыз ету қажет (<https://epsd.kz>).

Е-ЖСҚ – бұл жобалау-сметалық құжаттамаларды сараптау қорытындысы бойынша қорытынды беру мен берудің, сондай-ақ оларды сақтаудың ішінара автоматтандырылған процесін қамтамасыз ететін электрондық платформа.

Жүйелерді интеграциялау сметалық деректерді (жоспарланған жұмыстардың көлемі, құрылыс материалдарының атауы, көлемі мен сипаттамалары және т. б.) Е-Qurylys жүйесіне автоматты түрде көшіруге мүмкіндік берер еді.

Алайда, осы платформадағы құжаттаманың көп бөлігі машина оқи алмайтын түрде сақталады (мысалы, PDF форматында). Осылайша, интеграцияны жүргізу алдында Е-ЖСҚ функционалын сметалық деректерді машина оқи алатын түрде сақтау бөлігінде пысықтау қажет.

Жалпы, осы жүйенің жұмыс схемасын келесідей құру ұсынылады:

1) Мемлекеттік сатып алу порталында мердігерді анықтағаннан кейін сметалық деректер (жұмыстардың түрлері мен көлемі, материалдардың атауы, сипаттамалары мен көлемі) Е-ЖСҚ-дан Е-Qurylys-қа (мердігердің жеке кабинетіне) автоматты түрде көшіріледі;

2) Жұмыс көлемінің орындалуына қарай мердігер электрондық журналды толтыру арқылы пайдаланылған материалдарды көрсете отырып, тиісті мәліметтерді енгізеді;

3) Е-Qurylys сертификаттар тізілімінен деректерді автоматты түрде жинайды және ұлттық стандарттарға сәйкестігін растау үшін орындалған жұмыс көлемімен және пайдаланылған материалдармен салыстырады


4) Жүйелер арасында қарама-қайшылықтар болмаған жағдайда Е-Qurylys автоматты түрде орындалған жұмыстар актісін қалыптастырады (сөмасы ЖСҚ-ға сәйкес көрсетіледі);

5) Қажеттілігіне қарай мердігер тапсырыс берушінің қол қоюы үшін орындалған жұмыстар актілерін Е-Qurylys-тан мемлекеттік сатып алу порталына жібереді.

4-суретте ақпараттық жүйелердің өзара әрекеттесуінің қысқаша схемасы келтірілген.

Аталған схема тек ЖСҚ шеңберінде орындалатын жұмыстарды автоматтандырылған тексеруді көздейтінін атап өту қажет. ЖСҚ аясындағы жұмыстар әдетте қымбатқа түседі. Осыған байланысты олар бойынша мұндай бақылау орынды.

Алайда, мемлекеттік сатып алулар ЖСҚ-ны көздемейтін ағымдағы және орташа жөндеу түріндегі жұмыстар бойынша да жүзеге асырылады. Яғни, мұндай жұмыс түрлерін орындау үшін қажетті материалдар туралы ақпарат Е-ЖСҚ-да қолжетімді болмайды.



Сурет 4 – Ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылының қысқаша схемасы

Ескерту – авторлармен өздігінен жасалған

Е-Qurylys қажетті деректерді қолмен енгізу арқылы ЖСҚ-сыз электронды журнал жүргізу мүмкіндігін қарастырады. Мысалы, «ҚазАвтоЖол» АҚ бұл жүйені республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу кезінде қолданады.

Осыған байланысты, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігерлік ұйымдар сертификаттар тізілімінен деректерді тарту және сатып алынатын құрылыс материалдарының сапасын тексеру үшін Е-Qurylys-ты пайдалана алады.

Көрсетілген жұмыс схемасын қолдану үшін келесіні істеу қажет:

1. Деректерді импорттау және оларды машина оқи алатын түрде сақтау мүмкіндігі бөлігінде Е-ЖСҚ-ны пысықтау;

2. Сметалық деректерді (қажетті тауарлар мен жұмыс көлемдері) аудару үшін Е-ЖСҚ мен Е-Qurylys арасында интеграцияны орындау;

3. Стандарттарға сәйкестікке барлық сынақтардың қорытындыларын бірыңғай цифрлық тізілімде тіркеуді қамтамасыз ету (электрондық сәйкестік сертификаттары);

4. Сатып алынған тауарлар мен орындалған жұмыстардың ұлттық стандарттарға сәйкестігі туралы шынайы деректер алу үшін сертификаттар тізілімін Е-Qurylys-пен интеграциялау;

5. Тізілімнен сатып алынған тауарлар мен орындалған жұмыстардың ұлттық стандарттарға сәйкестігін растау сертификаттарын алмай, орындалған жұмыстар актісін жасау мүмкіндігін шектеу бөлігінде Е-Qurylys-ты пысықтау;

6. Е-Qurylys-ты мердігерлік ұйым туралы мәліметтерді және орындалған жұмыстардың актілерін беру бөлігінде мемлекеттік сатып алу порталымен интеграциялау;

7. Мемлекеттік сатып алу шеңберінде жұмыстарды орындайтын мердігер ұйымдарды Е-Qurylys-та есеп жүргізуге міндеттеу.

Осылайша, орындалған жұмыстар актісінің Порталда болуы сатып алынған тауарлар мен жұмыс көлемдерінің ұлттық стандарттарға сәйкестігіне жүргізілген тексерудің болуын білдіреді. Бұл орындалатын жұмыстар объектісінде тапсырыс берушінің өкілдері болып табылатын техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың және сынақ зертханалардың жауапкершілігін арттырады.

Стандарттау құжаттарын мемлекеттік сатып алу жүйесіне осындай терең енгізуден кейін шетелде шығарылған тауарлардың жекелеген түрлері үшін әкімшілік кедергі жасау мүмкіндігі пайда болады.

Ұлттық стандарттардың шамалы өзгеруі осы тауарлардың өзгертілген стандарттарға сәйкес келмеуіне әкелуі мүмкін.

Демек, ұсынылып отырған сертификаттарды электрондық тексеру жүйесін және техникалық ерекшеліктердің үлгілік нысандарын енгізу арқылы отандық тауар өндірушілерге жанама қолдау көрсетуге мүмкіндік ашылады.

Алайда, теріс салдарларды болдырмау үшін мұндай қолдау Қазақстанда өндірілетін және ішкі бәсекелестік бар тауарлардың санаттары бойынша нақты болуы тиіс.

Жалпы, ұсынылған шаралар келесілерге оң әсер етеді:

1) Сатып алынатын тауарлар мен жұмыстардың сапасына – сатып алынатын тауарлардың, орындалған жұмыстардың және оларда пайдаланылған құрылыс материалдарының оң сынақтарының болуын тексеру қамтамасыз етіледі;

2) Бюджет шығындарының тиімділігіне – сатып алынған тауарлар мен салынған объектілердің сапасын қамтамасыз ету арқылы олардың қолданылу мерзімі ұзарады;

3) Игілік алушы ретінде халықтың қанағаттануына – салынып жатқан объектілердің сапасына шағымдардың болмауы, бюджет шығындарының қысқаруы;

4) Мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамту үлесіне – шетелден импортталатын тауарлардың отандық өндірушілерін нақты қолдау.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР (ҚОРЫТЫНДЫЛАР)

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің тапшылығы жағдайында мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Мемлекеттік сатып алудағы неғұрлым көп үлесті ескере отырып, жұмыстарды және тауарларды сатып алу рәсімін қарау басым болып ұсынылады.

Сонымен, сатып алынатын тауарлар мен орындалатын жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету тәртібі мен тетіктері, сондай-ақ олардағы жергілікті қамтуды дамыту талданды.

Тауарлар мен жұмыстардың сапасын бақылау салынатын объектілердің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету, олардың қызмет ету мерзімін ұлғайту және оларды жөндеу шығындарын азайту үшін қажет. Ал сатып алулардағы жергілікті қамтудың жоғары үлесі отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетуге, елдің ішкі қаржы айналымын ұлғайтуға, сол арқылы бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Талдау қорытындысы бойынша тапсырыс берушінің сатып алу және техникалық қадағалау бойынша мамандардың қызметіндегі жүргізілетін сапаны бақылау сапасының төмендеу тәуекелін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігін туғызатын проблемалар анықталды.

Қазіргі уақытта пайдаланылатын тауарлар мен орындалған жұмыстардың ұлттық стандарттарға сәйкестік сертификаттарын салыстырып тексеруді техникалық қадағалау маманы қолмен жүргізеді. Адам факторының болуын ескере отырып, сертификаттарды салыстырып тексерудің толыққанды өтпеуінің немесе жұмыс орындаушымен сөз байласып, тиісті сапа сынақтарын мүлдем жүргізбей-ақ орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоюдың қаупі бар.

Осыған байланысты авторлар сәйкестік сертификаттарын автоматты түрде салыстырып тексеруге мүмкіндік беретін сандық механизмді ұсынды, адами факторды жоққа шығарды.

Сонымен қатар, тауарларды сатып алу кезінде тапсырыс берушілердің мамандарының көбі заңнамада қарастырылғанына қарамастан техникалық ерекшеліктерде ұлттық стандарттарға сілтеме жасамайды. Бұл проблеманы шешу үшін авторлар ұлттық стандарттарды техникалық ерекшеліктердің үлгілік нысандарында көздеуді ұсынды.

Осылайша, стандарттау жүйесі мемлекеттік сатып алу жүйесіне неғұрлым тереңірек енгізілетін болады. Бұл орындалатын жұмыстардың сапасын жақсартуға және сынақ зертханаларының жауапкершілік деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Жұмыстарды сатып алуда жергілікті қамтуды дамыту үшін сәйкестік сертификаттарын автоматты салыстырудың ұсынылатын цифрлық жүйесін пайдалану арқылы отандық тауар өндірушілерді жасырын қолдау мүмкіндігі анықталды.

Қорытындылай келе, мемлекеттік сатып алу қоғамдық мүлікті дамыту бойынша негізгі функциядан басқа, ұлттық экономиканы дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі функцияны орындайтынын атап өткен жөн. Мемлекеттік сатып алу арқылы мемлекет дамытуды талап ететін салаларда сұраныс тудырады. Экономиканың даму қарқыны бағытталған қаржыны пайдалану тиімділігіне байланысты.

Ұсынылып отырған жүйе мемлекетке сатып алулардан туындайтын сұранысты отандық ұсыныспен қанағаттандыру мақсатында нарықты нәзік реттеу құралын береді.

Жалпы, ұсынылған шараларды қабылдау келесіге мүмкіндік береді:

- 1) Тауарлардың сапасына бақылау жүргізу кезінде уақыт және қаржы ресурстарын қысқартуға;
- 2) Сынақ зертханалардың және техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігін арттыруға;
- 3) Орындалатын жұмыстардың сапасын арттыруға;
- 4) Орындалмаған жұмыстарды қабылдау үшін қосымша кедергі жасауға;
- 5) Экономиканың басым салаларын дамыта отырып, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елшибаев Р. Л., Кожабаяева С. А., Бейсенғалиев Б. Т. Пути повышения эффективности рынка государственных закупок Республики Казахстан // *Central Asian Economic Review*. – 2021. – № 3. – С. 77-89.
2. Темирбекова А. Б., Темирбек Е. Б. Поддержка отечественных товаропроизводителей путём развития Казахстанского содержания // МНПК «Научная дискуссия постсоветского пространства: проблемы и перспективы». – 2014. – С. 168-171.
3. Гимранова Л. Р., Притворова Т. П., Гимранова Г. И. Государственная поддержка в развитии Казахстанских товаропроизводителей // *Central Asian Economic Review*. – 2020. – № 2. – С. 37-47.
4. Махмутова М. Государственные закупки: законодательная основа и экономические механизмы реализации. – Алматы, 2019. – 356 с.
5. Гаджиев Ф. А. Программное обеспечение конкурсных закупок ТРУ для государственных нужд // *Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли*. – 2018. – № 1. – С. 7-13.
6. Жупарова А. С. Развитие Казахстанского содержания в условиях инновационного развития национальной экономики // *Вестник КазНУ. Серия экономическая*. – 2013. – № 5(99). – С. 57-61.
7. Ниязов А. А. Повышение эффективности системы конкурсных закупок: монография. – Караганда, 2018. – 243 с.
8. Жунусова Э. Д. Эффективность размещения государственных заказов: аналитика // *Материалы III международной научно-практической конференции экономического факультета ТарГУ им. М.Х. Дулати*. – Тараз, 2020. – С. 127-132.
9. Hufbauer G. C., Schott J. J. Local Content Requirements: Report on a Global Problem. – 2013. – 16 p.
10. Магомедова О. С. Актуальность требований местного содержания в современном международном экономическом праве // XVI Международный конгресс «Блищенковские чтения», 14 апреля 2018 г. – Москва, 2019. – С. 412-422.
11. Ssenoga F. Examining discriminatory procurement practices in developing countries // *Journal of public procurement*. – 2006. – № 6(3). – P. 218-249.
12. Понаморева О. В. Государственные закупки как инструмент торговой политики в развивающихся странах // *Российский внешнеэкономический вестник*. – 2014. – № 9. – С. 101-119.
13. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы 2018 – 2020 жылдар бойынша есептер – <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru&title=отчет%20об%20исполнении%20консолидированного%20бюджета%20за>.
14. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның 2021 жылғы 1 қазандағы №04-3/6656 хаты.
15. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI «Стандарттау туралы» заңы.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары.

REFERENCES

1. Yelshibayev, R. L., Kozhabayeva, S. A. And Beisengaliyev, B. T. (2021). Puti povysheniya effektivnosti rynka gosudarstvennyh zakupok Respubliki Kazakhstan. *Central Asian Economic Review*, 3, 77-89 (In Russian).
2. Temirbekova, A. B. and Temirbek, E. B. (2014). Podderzhka otechestvennyh tovaroproizvoditelej putyom razvitiya Kazhastanskogo soderzhaniya. *Scientific discussion of the post-Soviet space: problems and prospects*. 168-171 (In Russian).
3. Gimranova, L. R., Pritvorova, T. P. and Gimranova, G. I. (2020). Gosudarstvennaya podderzhka v razvitii Kazhastanskih tovaroproizvoditelej. *Central Asian Economic Review*, 2, 37-47 (In Russian).
4. Mahmutova, M. (2019). Gosudarstvennye zakupki: zakonodatel'naya osnova i ekonomicheskie mekhanizmy realizacii. *Almaty*, 356 p. (In Russian).
5. Gadzhiev, F. A. (2018). Programmnoe obespechenie konkursnyh zakupok TRU dlya gosudarstvennyh nuzhd. *Vestnik Kazhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli*, 1, 7-13 (In Russian).
6. Zhuparova, A. S. (2013). Razvitie Kazhastanskogo soderzhaniya v usloviyah innovacionnogo razvitiya nacional'noj ekonomiki. *Vestnik KazNU. Seriya ekonomicheskaya*, 5(99), 57-61 (In Russian).
7. Niyazov, A. A. (2018). Povysheenie effektivnosti sistemy konkursnyh zakupok: monograph. *Karaganda*, 243 p. (In Russian).
8. Zhunusova, E. D. (2020). Effektivnost' razmeshcheniya gosudarstvennyh zakazov: analitika. *Proceedings of the 3rd international scientific-practical conference of the Faculty of Economics TargU named after M. Kh. Dulaty. Taraz*, 127-132 (In Russian).
9. Hufbauer, G. C. and Schott, J. J. (2013). *Local Content Requirements: Report on a Global Problem*. 16 p.
10. Magomedova, O. S. (2019). Aktual'nost' trebovanij mestnogo soderzhaniya v sovremennom mezhdunarodnom ekonomicheskom prave. *XVI International Congress "Blishchenko Readings"*, April 14, 2018 Conference Proceedings. *Moscow*, 412-422.
11. Ssenoga, F. (2006). Examining discriminatory procurement practices in developing countries. *Journal of public procurement*, 6(3), 218-249.
12. Ponamoreva, O. V. (2014). Gosudarstvennye zakupki kak instrument torgovoj politiki v razvivayushchihsya stranah. *Rossiiskij vneshneekonomicheskij vestnik*, 9, 101-119 (In Russian).
13. Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy Ministriginiń shoǵyrlandyrylǵan búdjettiń atqarylýy týraly 2018 – 2020 jyldar boıynsha esepter - <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru&title=отчет%20об%20исполнении%20консолидированного%20бюджета%20за>.
14. «Elektrondyq qarjy ortalyǵy» AQ-nyń 2021 jylǵy 1 qazandaǵy №04-3/6656 haty (In Kazakh).
15. Qazaqstan Respýblıkasynyń 2018 jylǵy 5 qazandaǵy № 183-VI «Standarttaǵy týraly» zany (In Kazakh).
16. Qazaqstan Respýblıkasy Qarjy ministriniń 2015 jylǵy 11 jeltoqsandaǵy №648 buıryǵymen bекітілген Memlekettik satyp alýdy júzege asyrý qaǵıdalary (In Kazakh).

**THE POSSIBILITY OF USING THE STANDARDIZATION SYSTEM IN
THE DEVELOPMENT OF LOCAL CONTENT IN PUBLIC PROCUREMENT**

D. B. Yesmagambetov^{1*}, L. I. Kusainova¹, Sh. M. Kantarbayeva²

¹Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

²Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to identify problems of ensuring the quality of goods and works purchased within the framework of public procurement and to develop recommendations for their solution, as well as the development of local content in them.

Methodology – various methods of general scientific cognition, comparative analysis, methods of economic-statistical and legal analysis were used in the course of the study

Originality/value of the study – the results of the study can be used in amendments and additions to legislative and regulatory acts regulating activities in the field of public procurement, construction and standardization.

The results of the study – a literary review of the research directions was conducted; a comparison of budget expenditures in the context of procurement items was provided, activities to ensure the quality of work performed within the framework of public procurement were disclosed; the possibility of using a standardization system to increase the share of local content in public procurement was determined, appropriate proposals for improving the public procurement system were developed.

Keywords: public procurement, local content, quality of work, standardization system.

**ВОЗМОЖНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ СИСТЕМЫ СТАНДАРТИЗАЦИИ
В РАЗВИТИИ МЕСТНОГО СОДЕРЖАНИЯ В ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПКАХ**

Д. Б. Есмагамбетов^{1*}, Л. И. Кусаинова¹, Ш. М. Кантарбаева²

¹Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан,
Нур-Султан, Республика Казахстан

²Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – выявление проблем обеспечения качества товаров и работ, закупаемых в рамках государственных закупок и выработка рекомендаций по их решению, а также развитию в них местного содержания.

Методология – в ходе проведения исследования были использованы различные методы общенаучного познания, сравнительный анализ, методы экономико-статистического и правового анализа

Оригинальность / ценность исследования – результаты исследования могут быть использованы при внесении изменений и дополнений в законодательные и нормативные акты, регулирующие деятельность в сфере государственных закупок, строительства и стандартизации.

Результаты исследования – проведен литературный обзор по направлениям исследования; представлено сравнение бюджетных затрат в разрезе предметов закупок, раскрыта деятельность по обеспечению качества работ, выполняемых в рамках государственных закупок; определена возможность применения системы стандартизации для повышения доли местного содержания в государственных закупках, разработаны соответствующие предложения по совершенствованию системы государственных закупок.

Ключевые слова: государственные закупки, местное содержание, качество работ, система стандартизации.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Есмағамбетов Даулет Бекбатырұлы – докторант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы, e-mail: d.yessmagambetov@apa.kz, ORCID 0000-0002-0271-0394*

Құсайынова Лариса Ислямқызы – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы, e-mail: l.kussainova@apa.kz, ORCID 0000-0003-4973-8703

Кантарбаева Шырын Мырзахановна – экономика ғылымдарының докторы, доцент, профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: shyryn.kantarbayeva@narhoz.kz, ORCID 0000-0001-5142-0951

Central Asian Economic Review №4 (145) 2022

Жазылатын индекс / – 74002

Редакторлары / Редакторы – **А.Ж. Сарсембаева**
Компьютерде беттеген / Компьютерная верстка – **А.Т. Акылова**

Басуға / Подписано к печати 30.08.2022

Пішімі / Формат 70×100¹/₈.

Көлемі б.т./ Объем 19,0 п.л. / Есептік б.т. / Уч-изд. 18,6 п.л. / Шартты б.т./ Усл. 14,4 п.л.

Таралымы / Тираж 300 дана /экз.

«Фортуна полиграф» баспасы» ЖШС / ТОО «Издательство «Фортуна полиграф»
050063, Алматы қаласы, 1-ықшам ауданы, 81-үй / 050063, г. Алматы, 1-микрорайон, д. 81.

Fpolygraf@bk.ru

Тел: +7 701 787 32 92, +7 771 574 57 05,
+7 701 940 76 86

